

Интерпол саласы бойынша іздестірудегі көлік құралдары табылғанда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Ішкі істер министрлігі 2000 жылғы 24 қараша N 631 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 желтоқсан N 1329 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 223 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2021 № 223 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Айдап әкетілген және ұрланған көлік құралдарын Интерпол саласы бойынша іздестіру жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында

Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен келісілген Интерпол саласы бойынша іздестірудегі көлік құралдары табылғанда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық орталық бюросының, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Тергеу департаментінің, Криминалдық полиция департаментінің, Жол полициясы департаментінің, Жедел-техникалық қызмет департаментінің, Астана қаласының ПБ, Алматы қаласының ПББ, облыстардағы ПББ-ПБ бастықтары осы Нұсқаулықтың талаптарын сынақ қабылдау арқылы көрсетілген қызметтер мен бөлімшелер қызметкерлерінің оқып-үйренуін және оны күнделікті қызмет бабында басшылыққа алуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры И.И. Оттоға және Интерполдың Қазақстандағы Ұлттық орталық бюросының бастығы полиция полковнигі Д.Т. Мажиринге жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі -

Ішкі әскерлер қолбасшысы

"Келісілді" Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің
Бас прокуроры 2000 жылғы 24 қараша
2-дәрежелі мемлекеттік N 631 бұйрығымен
әділет кеңесшісі бекітілді
2000 жылғы 21 қараша

**Интерпол саласы бойынша іздестірілудегі көлік құралдары
табылғанда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының
қызметтері мен бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі
Нұсқаулық**

1. Осы Нұсқаулық ішкі істер органдарының Интерпол саласы бойынша іздестірілудегі көлік құралдары табылғанда құжаттарды ресімдеу тәртібін белгілейді.

2. Көлік құралын тексерген кезде Интерпол саласы бойынша іздестірілудегі көлік құралының идентификациялық номері толық сай келетінін анықтаған ішкі істер органдарының қызметкерлері осы факт жөнінде көлік құралы табылған аумақтағы ішкі істер органының кезекшісіне дереу хабарлайды.

3. Аумақтық ішкі істер органының кезекшісі көлік құралын жол полициясының іздестіру бөліміне (бөлімшесіне, тобына) жеткізу жөніндегі шаралар қолданады. Осы факт бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кезекшісі және Қазақстан Республикасының прокуратура органдары хабарландырылады. Халықаралық іздестірілудегі көлік құралының табылу фактісі туралы хабарлама Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тәуліктік ақпарына қосылады.

4. Жол полициясының инспекторы көлік құралын тіркеу туралы куәлікті алып қояды және криминалистермен бірге көлік құралын тексереді, ол туралы екі данада тиісті хаттама (N 1 қосымша) мен көлік құралы салонындағы мүліктің тізімін жасайды. Көлік құралының иесінен оны сатып алу мән-жайы туралы түсінік алынады, сондай-ақ көлік құралының ішінде болған адамдардан да түсінік алынуы мүмкін.

5. Хаттаманың бірінші данасына қоса көлік құралын тіркеу туралы куәлік пен түсініктемелер ұсталған көлік құралының тұрақты тіркелген жеріндегі жол полициясының бөлімшесіне жолданады, ал хаттаманың екінші данасы (мүлік тізімінің көшірмесімен бірге) ұсталған сәтте көлік құралын басқарушы адамға қолхат алу арқылы беріледі. Анықталған көлік құралы алынып қойылмайды, ол

материал бойынша соңғы шешім қабылданғанға дейін иесіне не оның сенімді адамына кепілдік қолхат арқылы беріледі. Көлік құралын уақытша есепке алу талонын (4-қосымша) алу үшін көлік құралының иесі не оның сенімді адамы көлік құралының тұрақты тіркелген жеріндегі жол полициясының тіркеу бөлімшесіне келуді міндетіне алады (10 күн мерзім ішінде келуі туралы хаттамада жазбаша міндеттеме беріледі).

6. Іздестірілудегі көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзит арқылы жүріп өткен кезде анықталған жағдайда тиісті хаттама жасалады, көлік құралын жүргізуге уақытша рұқсат қағазы беріледі, ал материалдар көлік құралының тұрақты тіркелген жеріне жіберіледі.

7. Ұсталған көлік құралының тұрақты тіркелген жеріндегі жол полициясы тіркеу бөлімшесінің лауазымды адамы:

1) алынған материалдар мен алынып қойылған құжаттардың негізінде көлік құралының иесіне не оның сенімді адамына "Интерполдың іздестіруі. Шеттету құқығынсыз." деген белгісі бар, берілген күнінен бастап алты ай мерзімге көлік құралын уақытша есепке алу талонын (4-қосымша) беруге міндетті. Қажет болған жағдайда есепке алу талонының мерзімі алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

2) осы көлік құралын тіркеуді есепке алу құжаттарына "Интерполдың іздестіруі. Шеттету құқығынсыз." деген белгі енгізуге міндетті.

8. Уақытша есепке алу талоны мен есепке алу құжаттарына "Интерполдың іздестіруі. Шеттету құқығынсыз." деген белгінің болуы көлік құралын жыл сайынғы мемлекеттік техникалық тексеруден өткізуге шектеу болып табылмайды.

9. Жол полициясының бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жедел-техникалық қызмет департаментіне көлік құралын ұстаудың мән-жайлары туралы көрсетілген үлгідегі хабарлама (2-қосымша) түрінде ақпарат жолдайды. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына Интерполдың іздестіруіндегі көлік құралының табылғаны туралы хабарлама (3-қосымша) жіберіледі.

10. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы Интерпол саласы бойынша іздестірудегі көлік құралының табылғандығы туралы осы Нұсқаулықтың талаптары бұзылып ресімделген және іздестірудің бастамашысы-елге хабарлау үшін қажетті мәліметтердің толық тізбесі мазмұндалмаған хабарламаларды орындауға қабылдамайды.

11. Ұрланған көлік құралының табылғаны туралы хабарламаны алғаннан соң, Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы Интерпол Бас Хатшылығының ұрланған көлік құралдарының халықаралық деректер базасы бойынша тексеру жүргізеді. Тексеру нәтижелері бойынша іздестіру расталған

жағдайда Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы іздестірудің бастамашы-еліне өз елінің құзыретті органдарының іздестірілуіндегі көлік құралын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына өтініш жасау арқылы қайтару тәртібі туралы хабарлайды және көлік құралын қайтаруға қатысты іздестіруді бастамашы-елдің ниеттері туралы сұрау салады.

Көлік құралын іздестіру Интерпол Бас Хатшылығының халықаралық деректер базасы бойынша расталмаған жағдайда Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросы Интерполдың Ресей Федерациясындағы Ұлттық Орталық Бюросына Интерполдың іздестірілуіндегі көлік құралы ретінде Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі Бас Ақпарат Орталығының деректер базасына қоюдың негіздері туралы сұрау салу жібереді, негіздер болмаған жағдайда көлік құралын есептен шығару туралы сұрайды.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросының іздестіруді растау туралы ақпаратын алған соң, сұрау салушы бастамашы-орган 10 күн мерзім ішінде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына есепке қоюға негіз болып отырған сұрау салынған көлік құралының тіркеу құжаттарының көшірмелерін жіберуге міндетті.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы сұрау салудың бастамашы-органынан алынған тіркеу құжаттарының көшірмелерін іздестіруді бастамашы-елдің Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросына одан әрі идентификациялау үшін жібереді.

12. Іздестірудің бастамашысы көлік құралын беру туралы талаптар қойған кезде Бас прокуратура Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес оны беру мүмкіндіктері туралы мәселені қарайды.

13. Іс бойынша шешім қабылданғанға дейін немесе сот үкімі шыққанға дейін көлік құралын иесіне қайтару тек көлік құралына меншіктік құқық туралы дау болмаса ғана, мүмкін болады. Көлік құралына меншіктік құқық туралы дау туған кезде оны иесіне қайтару туралы мәселені мүдделі адамның талабы бойынша сот шешуі керек.

14. Іздестірілуіндегі көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағында табылу фактісі бойынша тергеу іс-қимылдарының өндірісі туралы халықаралық тапсырма түскен жағдайда ішкі істер органдары оны орындауға барлық шараларды қолданады.

15. Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тіркеуден өткен іздестірілуіндегі көлік құралы табылған жағдайда ішкі істер органдарының тиісті қызметтері заңсыз тіркеу жасаған кінәлі лауазымды адамдарды анықтау және оларды жауапқа тарту мақсатында қызметтік тексеру жүргізеді.

16. Хабарлама (3-қосымша) жіберілген күннен алты ай өткеннен кейін жол полициясының бөлімшесі Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына осы көлік құралы бойынша іздестіруді бастамашы-елден қандай да бір тапсырыстың бар-жоғы туралы сұрау салады.

17. Теріс жауап алған жағдайда жол полициясының тіркеу бөлімшесі осы көлік құралының бастапқыда алынып қойылған тіркеу куәлігін береді немесе көлік құралының иесіне шетелге шығу кезінде Интерпол саласы бойынша іздестірілудегі көлік құралы ретінде ұсталуы мүмкін екендігі туралы түсіндіріле отырып, көлік құралын жол полициясының есепке алу құжаттарында Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы жауабының шығыс номері мен датасы қойылған тиісті белгілер жасау арқылы жалпы негізде тіркейді. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жедел-техникалық қызмет департаментіне көлік құралын "Автомобиль" автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесінің деректер базасындағы есептен шығару туралы хабарлама жібереді.

18. Хабарламаның көшірмесін алғаннан кейін Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жедел-техникалық қызмет департаментіне көлік құралын Интерпол Бас Хатшылығының халықаралық деректер базасының есебінен шығару туралы іздестіруді бастамашы-елдегі Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросына қолдау хат жолдайды.

Қолдау қанағаттандырылған жағдайда Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы бұл туралы есепке алу құжаттарына тиісті белгілер енгізу үшін жол полициясының тіркеу бөлімшесіне хабарлайды.

N 1 қосымша

Интерпол саласы бойынша іздестірілудегі көлік құралының көлік құралын тіркеу туралы куәлігін алып қою туралы ХАТТАМАСЫ

Толтырылған жері _____

20__ жылғы "___" _____

Мен, _____

(лауазымы, атағы, Т.А.Ә.а., куәгерлердің қатысуымен)

азамат(ша) _____

Интерпол саласы бойынша іздестірілудегі _____

(маркасы, шыққан жылы,

_____ түсі мен идентификациялық деректері)

_____ (сериясы, датасы, кім берді)

_____ көлік құралының КҚ тіркеу туралы куәлігін алып қойдым.

Көлік құралы _____

(ЖПБ, ТЕБ органының атауы)

_____ тіркелген.

КҚ сенімхат бойынша жүргізуші азамат(ша) туралы деректер:

_____ Тексеру нәтижесі бойынша КҚ-ның техникалық жағдайы _____

_____ Уақытша куәлік алу үшін көлік құралы тіркелген жердегі ЖПБ-ның ТЕБ-ке келу туралы (_____ күн ішінде) ескертілдім:

_____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

М.О. Хабарлау датасы: 20__ж. "___" _____

№ 2 қосымша
ҚР Ішкі іс министрінің ЖТҚД
бастығына

ХАБАРЛАМА

20__жылғы "___" _____ сағат _____ минутта
қызметкер _____

(лауазымы, атағы, Т.А.Ә.а.)

_____ мекен-жайы бойынша

түсі: _____ мемл. номері: _____ қозғағышы: _____

кузовы: _____ шассиі: _____

идентификациялық номері (VIN): _____

көлік құралын ұстағанын баяндаймыз.

Мән-жайлары: _____

_____ іздестірілудегі

(іздестірудің бастамашысы)

Көлік құралы _____ жеткізілді

(қай ішкі істер органына)

Көлік құралын _____ қабылдады.

(лауазымы, атағы, Т.А.Ә.а.)

Қолы: _____ Т. А. Ә.а., қызметтік телефоны _____

№ 3 қосымша

Интерполдың

Қазақстан Республикасындағы

ҰОБ-тың бастығына

**Интерпол саласы бойынша іздестірілудегі
көлік құралының табылғандығы туралы
ХАБАРЛАМА**

1. Көлік құралы: _____

Маркасы: _____

Идентификациялық номері (VIN) _____

Қозғағыштың номері: _____

Түсі _____ Шығарылған жылы _____

Номерлік белгісі (ерекшеліктері мен суреттемесі): _____

КҚ-ның тіркелген жері мен датасы: _____

КҚ-ны тіркеген орган: _____

2. Агрегаттық номерлерінің қайта соғылған /құжаттардың қолдан
жасалған іздері бар ма: _____

Егер солай болса - қайта соғылған немесе қалпына келтірілген номерлер: _____

КҚ-ның табылған жері _____

датасы _____

Анықталған мән-жайы _____

3. КҚ-ның тіркелген иесі

Тегі: _____ Аты: _____

Әкесінің аты: _____ Туған датасы: _____

Тіркелген жері (мекен-жайы): _____

4. Нақты иесі:

Тегі: _____ Аты: _____

Әкесінің аты: _____ Туған датасы: _____

Тіркелген жері (мекен-жайы): _____

Берген сенімхат бойынша: _____

Берілген датасы _____ Кім берді _____

5. Ұсталған сәтте КҚ басқарған:

Тегі _____ Аты _____

Әкесінің аты: _____ Туған датасы: _____

Тіркелген жері (мекен-жайы): _____

6. КҚ-на берілген құжаттар (тіркеу туралы куәлік, анықтама-шот, кеден куәлігі, сенімхат, КҚТК): _____

Басқа құжаттар: _____

7. Иесі мен жүргізушіге қатысты қылмыстық сипаттағы ақпарат бар ма (бұрын сотты болғаны және қозғалған қылмыстық істердің бар-жоғы көрсетілсін)

8. КҚ қайда және қашан сатылған (қазіргі иесінің сатып алуының мән-жайы): _____

Бұрынғы иесінің деректері:

Тегі: _____ Аты: _____

Әкесінің аты: _____ Туған датасы: _____

Тіркелген жері (мекен-жайы): _____

9. КҚ қазір қайда (мекен-жайы): _____

10. Техникалық жағдайы: _____

11. Ұстағанда КҚ-да мыналар болды: _____

кілттердің түпнұсқалары _____ кілттердің телнұсқалары _____

Есіктерінің және оталдыру құлыптары: _____

Бұзу іздері бар: _____

Бұзу іздері жоқ: _____

12. Интерпол саласы бойынша іздестірудегі КҚ табу фактісі бойынша тексеруді жүргізген:

Ішкі істер органының атауы, оның мекен-жайы: _____

Тексеруді жүргізген қызметкердің Т. А. Ә.а., лауазымы: _____

Халықаралық кодтың көрсетілуі арқылы байланыс телефоны: _____

Телетайп және факс номері: _____

13. Тексеру жүргізілгеннен кейін шешім қабылданды:

Материалдар _____
жіберілді

Қашан: _____ Кім жіберді: _____

Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы:

Қаулы бекітілді: _____

Қашан: _____ Кім бекітті: _____

Қылмыстық іс қозғау туралы:

Қылмыстық істің номері: _____

Іс кімнің өндірісінде: _____

Ішкі істер органының бастығы: _____

атағы

_____ (қолы) А. Ә.а. Т.

№ 4 қосымша

КӨЛК ҚҰРАЛЫН УАҚЫТША ЕСЕПКЕ ТАЛОНЫ

1. КҚ иесі _____

_____ (Т. А. Ә., ұйым)

2. Мемлекеттік номері _____

3. КҚТК-нің сериясы мен номері _____

4. КҚ-ның маркасы _____

5. Қозғағыштың N _____

6. Кузовтың N _____

7. Шассидің N _____

8. Шығарылған жылы _____

9. Түсі _____

10. Иесінің мекен-жайы _____

11. Сенімді адамның мекен-жайы _____

12. 20 ____ жылғы " ____ " _____ дейін жарамды.

_____ ЖПБ берді.

(қолы) 20 ____ ж. " ____ " _____

М.О.

СЕРИЯСЫ АА N 00000000

Ескерту: ИНТЕРПОЛДЫҢ ІЗДЕСТІРУІ.

ШЕТТЕТУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК